

Батыс-Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының
Жалпақтал филиалы

Жалпақтал ауылы

№ 152-ші Қор
Казталов ауданының
Жалпақтал учаскесіндегі
орта мектептері туралы
мұрағаттық топтама

Тарихи анықтама

19 қараша 2003 жыл.

Фурманов аудандық атқару комитетінің шешіміне сәйкесті 1950 жылы Фурманов орта мектебі ашылып, ал 1993 жылы халық депутаттары Жалпақтал аудандық атқару комитетінің шешімімен F.Молдашев атындағы орта мектеп болып өзгертілген.

Орта мектептің негізгі міндеттері :

- Оқушыларға сапалы орта білім беру.
- Оқу тәрбие жұмыстарының аясын кеңейту.
- Педагогикалық Советтердің отырыстарын жоспарлы өткізіп отыру
- Оқушыларды өндірістік тәрбие беруге баулу
- Методикалық Советтің жұмысын бақылау.
- Пәндер бойынша олимпиадалар оздыру.
- Білім саласындағы оң тәжірибелерді насихаттау.

.Осы жылдар аралығында бұл орта мектеп мемлекеттік сақтауға құжаттар тапсырмаған

F.Молдашев атындағы орта мектептің 1950-2000 жылдар арасындағы құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдап,ғылыми техникалық өңдеуден өткізгеннен кейін, төмендегі тізімдемелер жасақталды.

Тұрақты сақталатын істердің № 1-ші тізімдемесіне 21 (жиырма бір) іс енгізілді.

Олар осы мектептің оқушылар құрамы жөніндегі бұйрықтары,оларға білім беру туралы аттестаттардың есебін жүргізу кітабы, Педагогикалық Советтердің отырыс хаттамалары Жеке құрам жөніндегі істердің № 1 "ж" -ші тізімдемесіне /1950-1994/ жылдар аралығындағы 14 (он төрт) іс енгізілді.

Олар жеке құрам жөніндегі бұйрықтар .

Халық депутаттары Фурманов аудандық атқару комитетінің шешіміне сәйкесті 1967 жылы Қараөзен сегіз жылдық мектебі ашылып, 1978-1979 оқу жылында Қараөзен орта мектебі болып өзгертілген.

Ал 1997 жылы қазан айында Казталов ауданы әкімшілігінің шешіміне сәйкесті Қараөзен мектеп-лицейі болып өзгертілген.

Мектеп-лицейінің негізгі міндеттері :

- Оқушыларға орта білімді тереңдетіп оқыту.
 - Жоғарғы оқу орындарының ұстаздарын кестеге сәйкесті шақыртып, оқу тәрбие жұмыстарына байланысты іс-шаралар өткізуді бақылау.
 - Оқушылар мен атаналар арасындағы байланысты нығайту.
- Қараөзен мектеп-лицейі осы жылдар аралығында мемлекеттік сақтауға құжаттар тапсырмаған.

Мектеп-лицейдің /1967-2002/ жылдар аралығындағы құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдап, ғылыми-техникалық өңдеуден өткізгеннен кейін төмендегі тізімдемелер жасақталды.

Тұрақты сақталатын құжаттардың № 2 тізімдемесіне 20 (жиырма) іс енгізілді. Олар осы мектеп – лицейдің оқушылар құрамы жөніндегі бұйрықтары, орта білім беру туралы куәліктері мен мақтау қағаздарының есебін жүргізетін кітаптар. Педагогикалық Советтердің отырыс хаттамалары.

Жеке құрам жөніндегі істердің № 2 «ж» тізімдемесі (1967-2002) жылдар аралығындағы 7 (жеті) іс енгізілді. Олар жеке құрам жөніндегі бұйрықтар.

Тұрақты сақтауға жататын, бірақ өңдеу кезінде жоқ болған құжаттарға акт жасалды.

Екі мектеп бойынша мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық. Құжаттар екі тілде жазылған.

Жалпақтал филиалының
директоры :



Б.Бекешев.

А. Рахым
26.11.03.

Батыс-Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының
Жалпақтал филиалы.

№ 152 қор
Казталов ауданы
Ғ.Молдашев атындағы
орта мектеп.
мұрағаттық топтама.

Жалпақтал ауылы

Т а р и х и а н ы қ т а м а

09.10. 2007 жыл.

Фурманов аудандық атқару комитетінің шешіміне сәйкесті 1950 жылы Фурманов орта мектебі ашылып, сол жылы мектептің алғашқы директоры болып бұрын қорғансыз балалар үйінің директоры болып қызмет атқарып келген Ғинаят Молдашев тағайындалған.

1953 жылдан 1961 жылдың маусым айына дейін мектеп директоры болып, кәзіргі облыстық өлке тарихын зерттеумен айналысушы Жайсаң Ақбай. Кейіннен - Наурыз Сыдыков, Жанноғай Айтмағамбетов, Оразай Ғабдушев, Измұқан Масалиев, Шадияр Ахтанов, Болат Ахметов ал 2002 жылдың маусым айынан бастап мектеп директоры болып, Жақсыбаева Алия Нәсіпқалиқызы қызмет атқарып келеді.

1993 жылы халық депутаттары Жалпақтал аудандық атқару комитетінің шешімімен бұл мектепке мектептің алғашқы директоры Ғинаят Молдашевтің аты берілген.

Осы жылдар ішінде мектептің ұлағатты ұстаздарынан сапалы білім алған 8 оқушы алтын медальдің иегерлері олар : Зинат Габбасов, Уали Ахметов, Болат Молдашев, Л.И.Зотова, Козин, Т.Кочетова, Дина Мендалиева, Света Қойбагарова, ал 5 оқушы күміс медаль иегерлері олар: Г.П. Кочетова, Галя Молдашева, Анатолий Помошников, Ляйля Гайсина, Лилия Амирова.

Орта мектептің негізгі міндеттері :

- Оқушыларға сапалы орта білім беру.
- Оқу-тәрбие жұмыстарының аясын кеңейту.
- Педагогикалық кеңестердің отырыстарын жоспарлы өткізіп отыру.
- Оқушыларды өндірістік тәрбие беруге баулу.
- Пәндер бойынша олимпиадалар өкізу.
- Білім саласындағы оң тәжірибелерді насхаттау.
- Жыл мұғалімі байқауына ұстаздарды әзірлеу.
- Қазақстан Республикасы тіл туралы заңының жүзеге асырылуына іс-шаралар оздыру.

Ғ. Молдашев атындағы
орта жалпы білім
беретін мектебі
мұрағаттық топтама

Жалпақтал ауылы

Тарихи анықтама (жалғасы)

7 мамыр 2012 жыл

Ғ.Молдашев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі туралы толық мәліметтер және бұдан бұрын мұрағатқа мектептен мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттар атауы 2007 жылдың 9-шы қазанында жазылған тарихи анықтамада көрсетілген.

Осы тарихи анықтама аталған мектептің құжаттар жалғасын мемлекеттік сақтауға тапсырып отырған уақытын ғана қамтиды.

Осы аталған мектеп бойынша 2007 жылдың мамыр айынан бастап есеп бөлімі ашылған. Мектептің 2009 жылғы педагогикалық кадрларының сапалық құрамына тоқталар болсақ, 60 оқытушы еңбек етеді. Оның 53-ші жоғары білімді, 7-і арнаулы орта білімді ұстаз. Мектепте төрт жүзден астам оқушы білім алады.

Мектепке 2008 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, мектеп ішіндегі химия, биология, физика, мультимедия, информатика кабинеттері жаңа оқу әдістемелік ақпараттық құралдармен жабдықталған.

Мектептің негізгі міндеттері:

- Оқушыларға сапалы орта білім беру;
- Оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты іс-шаралар оздырып отыру;
- Педагогикалық кеңестердің отырыстарын жоспарлы өткізіп отыру;
- Оқушыларды өндірістік тәрбие беруге баулу;
- Білім саласындағы оң тәжірибеліріді насихаттау;
- Педагогикалық кадрлардың біліктілігін дамыту, білімін жетілдіріп отыру;
- Мектеп бітірушілердің мамандық таңдау бағыт-бағдар беру, жоғары оқу орындарына оқуға түсіп даярлықтарына көмектесу.

Тарихи анықтаманың екінші бөліміне тоқталар болсақ,

Ғ.Молдашев атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің ведомстволық мұрағатта тұрған, сақтау мерзімінің уақыты болған 2005-2011 жылғы тұрақты сақталатын №1 тізімдемесі бойынша 25 (жиырма бес) іс, жеке құрам істерінің №1 «ж» тізімдемесі бойынша 2005-2009 жылдар аралығындағы 29 (жиырма тоғыз) іс, № 2 «ж» тізімдемесі бойынша 2005-2001 жылдар аралығындағы жұмыстан шыққан қызметкерлердің жеке істері 19 (он тоғыз) іс.

Барлығы үш тізімдеме бойынша 73 (жетпіс үш) іс енгізіліп отыр.

Сақтауға жатпайтын тарихи құндылығы жоқ іс жүзінде маңызын жойған. 184 (бір жүз сексен төрт) іс іріктеліп алынып, жою актісі толтырылды.

Істерді тізімдеме жасау кезінде жоқ істерге жетіспеу актісі жасалады және мекеме басшысының түсініктемесі (жалғанды).

Кейбір тіркеу кітаптары яғни;

- Орта жалпы білім туралы аттестаттардың есебінен берілуге тіркеу журналы 2005 жыл.
- Негізгі жалпы білім туралы куәліктердің есебінен берілуін тіркеу журналы 2006 жыл.
- Мақтау парақтары мен грамоталардың бергені туралы журналы 2005 жыл.
- Оқушылардың әліпбилік жазу кітабы 2005 жыл.
- 2005 жылдардан басталып бірақ кітаптар толтырылып бітпеуіне байланысты өздерінде (мектепте) сақталуда.

Тапсырылған құжаттардың кейбіреулері тіркеу кітап болғандықтан;

- Негізгі қызмет жөніндегі бұйрықтар (2005-2008; 2008-2011)
- Педагогикалық Кеңес отырыстарының хаттамалары (2005-2008; 2008-2011) жылдар тізімдемеге енгізілді.

Қордағы істер индекстері 2008 жылғы істер номенклатурасына сәйкесті салынды. Мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Жалпақтал филиалы директорының
міндетін атқарушы: **Б.Нурумова.**



Батыс-Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының
Жалпақтал филиалы.

№ 152 қор
Казталов ауданы
Қараөзен мектеп лицейі
мұрағаттық топтама.

Қараөзен ауылы

Т а р и х и а н ы қ т а м а

11.10. 2007 жыл.

Халық депутаттары Фурманов аудандық атқару комитетінің шешіміне сәйкесті 1967 жылы Қараөзен сегіз жылдық мектебі ашылып, 1978-1979 оқу жылында Қараөзен орта мектебі болып өзгертілген .

1967 жылдан 1994 жылға дейін мектеп директоры болып Мүтиғолла Темірханов қызмет атқарған. 1994 жылдан 2000 жылға дейін мектеп директоры болып Адам Сағынұлы Имашев жұмыс істеген 2000 жылдан Қараөзен мектеп лицейінің директоры қызметін Мажитова Зәйлім Исатайқызы атқарып келеді.

Мектепке 1997 жылы қазан айында Казталов аудандық әкімшілігінің шешіміне сәйкесті Қараөзен мектеп лицейі статусы берілген.

Осы мектептің түлектері кәзіргі Жәңгір хан атындағы БҚ ауылшаруашылық университетінің аға оқытушысы Зейін Айдынов, Орал қаласындағы № 44-ші мектептің директоры Ақжарқын Темирханова алтын медальдің иегерлері.

Ал Дархан Асқаров, Айнұр Өтегенова, Данас Искалиев, Лаура Каримова, Арайлым Камалова мектепті үздік аттестатпен бітірген оқушылар.

Мектеп –лицейдің негізгі міндеттері.

- Оқушыларға орта білімді тереңдетіп оқыту.
- Жоғарғы оқу орындарының ұстаздары мен келісім шартқа отыру.
- Оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты іс-шаралар өткізуді бақылау.
- Оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы аудандық оқу бөліміне ақпараттық құжаттар дайындау.
- Оқушылар мен ата –аналар арасындағы байланысты нығайту.
- Педагог кадрлармен жұмыс жасау.
- Ұстаздардың білім сапасын арттыруға жағдай туғызу.

Мектеп- лицей бұдан бұрын 2004 жылы 1967-2000 жылдар аралығындағы құжаттарын мемлекеттік сақтауға тапсырған . Алайда осы жылдары мемлекеттік сақтауға құжаттар қабылдағанда кейбір тұрақты сақталатын және жеке құрам жөніндегі істер өздерінде қалып қойғандықтан қосымша

тізімдеме жасамай, істерді литерлік номерлерін сақтай отырып қайта басынан бастап жаңа тізімдемеге енгізіп отырмыз.

Филиал қызметкерлері Қараөзен мектеп лицейінің 1967-2005 жылдар аралығындағы құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдап.

Тұрақты сақталатын істердің № 2-ші тізімдемесіне 1967-2005 жылдар аралығындағы 37 (отыз жеті) іс, жеке құрам жөніндегі істердің № 2 “ж” тізімдемесіне 1967-2005 жылдар аралығындағы 14 (он төрт) іс енгізілді. Барлығы 51 іс.

Тұрақты сақтауға жататын, бірақ өңдеу кезінде жоқ болған жетіспейтін құжаттарға акт жасалды.

Сақтауға жатпайтын тарихи құндылығы жоқ, іс жүзінде маңызын жойған 26 (жиырма алты) іс іріктелініп алынып жою актілері толтырылды.

Кейбір жетіспейтін құжаттарды актіге көрсеткен жоқпыз. Себебі, оқу тәрбие жұмысы жөніндегі мәліметтер, статистикалық есептердің түп нұсқалары аудандық оқу бөліміне тапсырылып жіберілген.

Мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Жалпақтал филиалының
директоры :



Б.Бекешев.

№ 152 Қор
Қазталов ауданы
Қараөзен мектеп-лицейі
мұрағаттық топтама

Қараөзен ауылы

Тарихи анықтама (жалғасы)

5 маусым 2012 жыл

Қараөзен мектеп-лицейі туралы толық мәліметтер және бұдан бұрын мұрағатқа мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттар атауы 2007 жылы 11 қараша күні жазылған тарихи анықтамада көрсетілген.

Бұл тарихи анықтама осы мектептің құжаттар жалғасын мемлекеттік сақтауға тапсырып отырған уақыт аралығын ғана қамтиды.

2007 жылы мамыр айынан бастап мектептерде есеп бөлімі ашылды.

Мектеп-лицейінің директоры лауазымын Зәйлім Исатайқызы Мажитова 2001 жылдың маусым айынан бері үздіксіз атқарып келеді.

2009-2010 оқу жылында -235 оқушы,жалпы педагог кадрларының саны-37, оның 31 жоғары білімді,6-арнаулы орта білімді мұғалімдер жұмыс істейді.

Мектеп-лицей ғимараты күрделі жөндеуден өткен және оқу кабинеттері,атап айтқанда физика, химия, биология, мультимедиа кабинеттері жаңа оқу-әдістемелік ақпараттық құралдармен жабдықталған.

Қараөзен мектеп-лицейі Жалпақтал өңіріндегі тірек мектебіне айналуына байланысты мектеп жанындағы ОШ-60 жобасымен салынған жаңа типті жатақханада Қараөзен ауылдық округі мен қоса аймақтағы өзге де елді мекендерден келген балаларды есептегенде 25 оқушы жыл бойы жатақхана мен қамтылып отыр.

Орал қаласындағы ұстаздардың қара шаңырағы саналатын М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ мен ғылыми-педагогикалық шығармашылық байланыс орнатуына байланысты жаратылыстану және гуманитария ғылымдары саласының жоғарғы білікті ғалымдары жылма-жыл қатарынан мектеп-лицейге келіп лекция оқуды дәстүрге айналдырған.

Атап айтар болсақ тарихшы Жанабек Жаксығалиев,тіл маманы Бауыржан Умирзаков,биология ғылымының кандидаты Ескайыр Карагойшин,химик Гулмира Капановалар мектеп шәкірттерін білім нәрімен сусындатып келеді.

Мектеп-лицейдің негізгі міндеттері :

- Оқушыларға орта білімді тереңдетіп оқыту;
- Жоғарғы оқу орындарының ұстаздары мен келісім шартқа отыру;
- Оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты іс-шаралар өткізуді бақылау;
- Оқу-тәрбие жұмыстарының қортындысы туралы аудандық оқу бөліміне ақпараттық құжаттар дайындау;

- Оқушылар мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту;
- Педагог кадрлармен жұмыс жасау;
- Оқытудың жаңа технологияларын енгізуге, білім беруді акпараттандыруға, халықаралық желіге шығу;
- Ұстаздардың білім сапасын арттыруға жағдай туғызу;
- Мектеп бітірушілердің мамандық таңдауына бағыт-бағдар беру, жоғары оқу орындарына оқуға түсу даярлықтарына көмектесу;

Тарихи анықтаманың екінші бөліміне тоқталар болсақ :

Қараөзен мектеп-лицейінің ведомстволық мұрағатта тұрған, сақтау мерзімінің уақыты болған 2005-2009 жылғы тұрақты сақталатын № 2 тізімдемесі бойынша 30 (отыз) іс, жеке құрам істерінің № 2 «ж» тізімдемесі бойынша 2005-2009 жылдар аралығындағы 18 (он сегіз) іс, 1999-2006 жылғы тұрақты сақталатын № 2 (қосымша) тізімдемесі бойынша 4 (төрт) іс, жеке құрам істерінің № 2 «ж» (қосымша) тізімдемесі бойынша 2002-2011 жылдар аралығында 4 (төрт) іс еңгізіліп отыр. Барлық төрт тізімдеме бойынша 56 (елу алты) іс.

Сақтауға жатпайтын тарихи құндылығы жоқ, іс жүзінде маңызын жойған 107 (жүз жеті) іс іріктеліп алынып, жою актісі толтырылды.

Кейбір тіркеу кітаптары яғни :

- Орта жалпы білім туралы аттестаттардың есебінен берілуін тіркеу журналы-2005 жыл;
- Негізгі жалпы білім туралы куәліктердің есебінен берілуін тіркеу журналы-2005 жыл;
- Мақтау парақтары және грамоталардың берілгені туралы журнал-2006 ж
- Аттестация біліктілік комиссиялар отырысы мәжілістерінің хаттамалары 2009 жылдан басталып бірақ, кітаптар толтырылып бітпеуіне байланысты өздерінде сақталуда.

Тапсырылған құжаттардың кейбіреулері тіркеу кітап болғандықтан :

- Мектеп директоры жанындағы Кеңес хаттамалары (1999-2002),
- (2002-2006) (2006-2009) жылдар
- Мектеп оқушыларының құрамы мен қозғалысына байланысты жүргізілетін бұйрықтар (2002-2006), (2006-2009) жылдар.
- Оқушылардың әліпбилік жазу кітабы (2002-2011) жылдар.
- Аттестация, біліктілік комиссиялар отырысы мәжілістерінің хаттамалары (2003-2006), (2007-2008) жылдар.
- Жеке құрам және негізгі қызметі жөніндегі бұйрықтар (2005-2008),
- (2008-2009) жылдар.
- Педагогикалық Кеңес отырыстарының хаттамалары (2006-2009) жылдар тізімдемеге енгізілді.

Өткен тізімдемеде көрсетілген құжаттар :

- Мемлекеттік емтихан комиссиясының мәжілістерінің хаттамалары 2005 жыл.
- Педагогикалық Кеңес отырыстарының хаттамалары 2005 жылдан 16.05.2006 жылға дейін.

Тарихи анықтаманы құрастыру негізінен Қараөзен мектеп лицейінің құжаттары пайдаланылды. (Қор № 152 мұрағаттық топтама тізімдеме № 2, 2 «ж»).

Қордағы істер индекстері 2007 жылғы істер номенклатурасына сәйкесті алынды.

Мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Жалпақтал филиалының директорының
міндетін атқарушы : *Б.Нурумова* Б.Нурумова



9/7

Батыс-Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының
Жалпақтал филиалы.

№ 152 қор
К.Мендалиев атындағы
арнаулы эстетикалық
бағыттағы орта мектеп.
Мұрағаттық топтама.

Жалпақтал ауылы

Т а р и х и а н ы қ т а м а

14.12. 2007 жыл.

Жалпақтал аудандық әкімшілігінің 1993 жылғы тамыз айындағы өкіміне және аудандық оқу бөлімінің №197 санды бұйрығына сәйкесті Ғ. Молдашев атындағы орта мектеп екіге бөлініп К.Мендалиев атындағы арнаулы эстетикалық бағыттағы орта мектеп болып жаңадан ашылды.

Алғашқы мектеп директоры болып 1993 жылдың тамыз айынан 1996 жылдың желтоқсан айына дейін М.Карин жұмыс істеген.

1997-1999 жылдары Қ.Ақдаулетов, 1999 жылдың наурыз айынан бастап Ж.Ғұмаров, 2002 жылдан 2005 жылға дейін Е. Калиев мектеп директоры қызметін атқарып келсе , 2006 жылдан Ғ.Едекешов тағайындалған.

К.Мендалиев атындағы арнаулы эстетикалық бағыттағы орта мектептің негізгі міндеттері :

- Оқушыларға эстетикалық бағытта білім беру.
- Өнер мектебінің жұмысына бақылау жасау.
- Оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты іс-шаралар оздырып отыру.
- Оқу-тәрбие жұмыстарының қортындысы бойынша аудандық оқу бөліміне ақпараттық құжаттар дайындау.
- Педагог кадрлармен тығыз байланыс орнату.
- Оқытушыларды аттестациядан өткізіп отыруға жағай туғызу.
- Пәндер бойынша олимпиадалар өкізу.
- Ұстаздардың білімін жетілдіріп отыруға көңіл бөлу.

Бұл мектептен мемлекеттік сақтауға құжаттар алғашқы рет қабылданып отыр.

К.Мендалиев атындағы арнаулы эстетикалық бағыттағы орта мектептің құжаттарын өңдеген кезде көптеген құжаттардың жетіспейтіндігі байқалды.

Атап айтқанда 1993-2000 жылдар аралығындағы педагогикалық Кеңес отырыстарының хаттамалары. Басшы ауысқан кездегі қабылдау, тапсыру актілері, жылдық жұмыс жоспарлары ОШ-1, ОШ-2 нысандағы статистикалық есептер.

Кейбір жетіспейтін құжаттарды актіге көрсеткен жоқпыз. Себебі , оқу тәрбие жұмысы жөніндегі мәліметтер, статистикалық есептердің түп нұсқалары аудандық оқу бөліміне тапсырылып жіберілген.

Филиал қызметкерлері К.Мендалиев атындағы арнаулы эстетикалық бағыттағы орта мектептің 1993-2006 жылдар аралығындағы құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдап, тұрақты сақталатын істердің № 3-ші тізімдемесіне 1994-2005 жылдар аралығындағы 30 (отыз) іс, жеке құрам жөніндегі істердің № 1 “ж” тізімдемесіне 1993-2006 жылдар аралығындағы 18 (он сегіз) іс, № 4 “ж” тізімдемесіне 19 (он тоғыз) іс енгізілді.

Барлығы 67-іс

Тұрақты сақтауға жататын, бірақ өңдеу кезінде жоқ болған жетіспейтін құжаттарға акт жасалды.

Сақтауға жатпайтын тарихи құндылығы жоқ, іс жүзінде маңызын жойған 9 (тоғыз) іс іріктелініп алынып жою актілері толтырылды.

Мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Жалпақтал филиалының
директоры :



Б.Бекешев.

К.Мендалиев атындағы
орта жалпы білім беретін
мектебі мұрағаттық топтама

Жалпақтал ауылы

Тарихи анықтама (жалғасы)

5 сәуір 2012 жыл

К.Мендалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің құрылғаны жөнінде, қандай құжаттар мемлекеттік сақтауға тапсырылғаны жөнінде толық мәлімет 2007 жылғы 14-ші желтоқсан айында жазылған тарихи анықтамада көрсетілген.

Бұл тарихи анықтама, осы мектептің құжаттар жалғасын мемлекеттік сақтауға тапсырып отырған уақыт аралығын ғана қамтиды.

2007 жылы май айынан бастап мектептерде есеп бөлімі ашылды.

2008 жылдың 1-ші желтоқсан айынан бастап мектеп директоры қызметін Утегулова Салтанат Кәрімқызы атқарып келеді.

2009-2010 жылында 485 оқушы, жалпы педагог кадрлардың саны 89 оның: 72 жоғары білімді, 16 арнаулы орта білімді мұғалімдер жұмыс істейді.

2009 жылы мектептің оқу ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, оқу кабинеттері, атап айтқанда физика, химия, биология, мультимедиа кабинеттері, жаңа оқу әдістемелік ақпараттық құралдармен жабдықталды.

Мектеп қызметінің міндеті:

- Білім беруді ізгілендіру;
- Мемлекеттік жалпы білім стандартының орындалуын қамтамасыз ету;
- Оқушылардың гуманитарлық, эстетикалық бағытта даярлықтарын үйлесімді қабыстыру, білім беруді компьютерлендіру;
- Оқу –тәрбие жұмыстарына байланысты іс-шаралар оздырып отыру;
- Педагог кадрлардың білімін үнемі жетілдіріп отыру;
- Мектеп бітірушілердің мамандық таңдауына бағыт көрсету, жоғары оқу орындарына түсу даярлықтарына көмектесу;

Мендалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебінің ведомстволық мұрағатта тұрған сақтау мерзімі болған 2005-2010 жылғы тұрақты сақталатын № 3 тізімдемесі бойынша- 29 (жиырма тоғыз) іс, жеке құрам істерінің № 3 «ж» тізімдемесі бойынша 2005-2011 жылдар аралығындағы -13 (он үш) іс, № 4 «ж» тізімдемесі бойынша 2005-2011 жылдар аралығындағы жұмыстан шыққан қызметкерлердің жеке істері -23 іс. Барлығы үш тізімдеме бойынша- 65 (алпыс бес) іс енгізіліп отыр.

Сақтауға жатпайтын тарихи құндылығы жоқ, іс жүзінде маңызын жойған 186 (жүз сексен алты) іс іріктеліп алынып , жою актісі толтырылды.

Істерді тізімдеме жасау кезінде жоқ істерге жетіспеу актісі жасалды және мекеме басшысының түсініктемесі (жалғанды).

Кейбір тіркеу кітаптары яғни;

- Орта жалпы білім туралы атестаттардың есебінен берілуін тіркеу журналы 2005 жыл
- Негізгі жалпы білім туралы куәліктердің есебінен берілуін тіркеу журналы 2006 жыл
- Мақтау парақтары және грамоталардың берілгені туралы журналы 2007 жыл
- Оқушылардың әліпбилік жазу кітабы 2004 жыл
- Мектеп директорының өндірістік мәселелері жөніндегі бұйрықтары
- 2006 жылдардан басталып бірақ, кітаптар толтырылып бітпеуіне байланысты өздерінде сақталуда.

Тапсырылған құжаттардың кейбіреулері тіркеу кітап болғандықтан:

- Жеке құрам жөніндегі бұйрықтар (2006-2010 жылдар)
- Мектеп оқушыларының құрамы мен қозғалысына байланысты жүргізілген бұйрықтар (2009-2011 жылдар)
- Педагогикалық Кеңес отырыстарының хаттамалары (2008-2010) жылдар тізімдемеге енгізілді.

Қордағы істер индекстері 2008 жылғы істер номенклатурасына сәйкесті салынды.

Мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Жалпақтал филиалының директорының
міндетін атқарушы : **Б.Нурумова**

